

Тайынша

Маңы



Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 44 (896) 14 қазан 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ 20 қараша 2022 жыл



САЙЛАУДЫҢ НЕГІЗІ - ЗАҢ

Ел ордасы Астанада, Мемлекеттік басқару академиясында алғаш рет еліміздің әр өңірінен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін оқытуға арналған семинар өткізілді. Онда Орталық сайлау комиссиясының өкілдері алдағы Президент сайлауын өткізуге қатысты заңнамалық өзгерістер мен талаптар туралы егжей-тегжейлі түсіндірді.

Барлығының мерзімі бар. Жалпы, сайлау процесі әркезде күрделі іс-шара болып есептеледі. Қазақстан да демократиялық жолға түскендіктен әр уақыт сайын заңнамалық жетілдірулер болып тұрады. Оның ішіне қаржыландыру мәселесінен бөлек, кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстарын газет-теледидар, интернет сайттар мен радио эфирінде жариялауға байланысты да бірқатар жаңашылдықтар бар. Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Викторович Петровтың мәлімдеуінше, сайлау іс-шараларының өткізу мерзімін ОСК өзі белгілейді. Мәселен, биылғы Президент сайлауын әзірлеу және өткізу бойынша күнтізбелік іс-шаралар жоспарын 22 қыркүйекте бекітті. Оған сәйкес, 23 қыркүйектен 11 қазанға дейін (жалпы алғанда 19 күн) – кандидаттарды ұсыну, 23 қыркүйектен бастап 21 қазанға дейін (жалпы 29 күн) кандидаттардың Конституция мен заң талаптарына сәйкестігін анықтау, қолдарды жинау және тексеру мерзімі, одан соң 21 қазан сағат 18.00-ден бастап – 18 қарашаға дейін (ұзақтығы 28 күн) сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу мерзімі болып есептеледі. 19 қараша – тыныштық күні, бұл күні әлдебір кандидаттың үгіт жұмыстарын жүргізуіне рұқсат жоқ. Яғни, сайлаушылар өздері ойланп шешім қабылдауына арналған. 20 қараша Президент сайлауы өтеді, азаматтар учаскелік сайлау комиссияларына барып, таңдауларын жасайды, дауыс береді. Сайлаудың алдын ала қорытындысы 21-22 қараша күндері аралығында анықталады. Сайлау қорытындыларын анықтау және сайланған Президентті тіркеу қарашаның 21-інен 27-сіне дейінгі аралықта (7күн) іске асырылады. Үгіттің де тәртібі бар. Үгіт үш негізгі тәсіл арқылы жүргізіледі. Біріншісі – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, кандидаттардың және олардың сенімді өкілдерінің жүздесулері, баспа және аудиовизуалды, өзге де үгіт материалдарын шығару. Алғашқы екеуінің мәнісі түсінікті болса, үшіншісіне әртүрлі плакаттар, баннерлар, буклеттер, т.б. жатады. Бұл жерде кездесулер өткізу үшін жергілікті атқарушы билік пен сайлау учаскелерінің кандидаттарға теңдей мүмкіндік беру мәселелері барлығы заңнамада әбден жіті жазылған. Бұл жерде бізді үгіт-насихат жұмыстарының тәртібі көбірек қызықтырады. Себебі, демократиясы төрге озған шет елдердің өздерінде осы науқан барысында бірқатар шу шығып, кандидаттардың басы бөлеге қалып жатады. Әрине, барлығы заңмен жазып-сызып қоюға болады. Дегенмен кейде оның шеңберіне сыймайтын жағдайлар да кездеседі. Мысалы, шетелдік телеарнада бірнеше кандидат туралы айтқанда, арасынан тележүргізуші тек біреуінің есімі аталған кезде көзі мен жүзі айрықша күлімдеп, арты біраз у-шұға ұласқаны бар. Сондықтан, үгіт-насихат барысында атқарушы билікке де, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне де барынша абай әрі ұстамды болуға тұра келеді. Сайлаушылар тізімі қалай жасалады? Ендігі жерде сайлаушылардың тізімдерін ұсыну тәртібіне ойыссақ. Талап бойынша, сайлау күніне 20 күн қалғанда, яғни 30 қыркүйекке дейін әрбір сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімін акт бойынша аумақтық және учаскелік комиссияларға ұсынады 1 шілдедегі жағдай бойынша ҚР сайлаушыларының бірыңғай электрондық тізімінде 11 млн 827 мың 277 азамат бар. Олардың қатарындағы өзгерістер анықталып, толықтырылады. Бұл жерде, К.Петровтың айтуынша, бірқатар базалық деректерде сәйкес келмейтін жайттар бар. Мысалға, кейбір адамның нақты тұратын орны мен тіркеуге алынған мекенжайы әртүрлі болуы мүмкін. Сондай-ақ тіркелген емханасының да адресі өзге жерде болып жатады. Өкінішке қарай, қаншалықты цифрландыруға көшіп жатқанымызбен, әлі де болса, осы мәселе түбегейлі шешілген жоқ. Цифрландыруға жауапты министрлік өкілдері алдағы уақытта ЭЦҚ арқылы жеке кабинетіне

кірген адамнан сұрау салу арқылы («Сіздің тіркелген жеріңіз осы ма? Қайсы мәлімет қате?» деген сынды) түзету енгізу мүмкіндігін ашады. Бірақ оған қол жеткенше кемінде жарты жыл уақыт керек екен. ОСК мүшелері негізінен сайлаушылардың жеке басының жауапкершілігіне сенім артады. Айтпақшы, биылғы сайлауда да электрондық жеке куәліктер арқылы сайлау мүмкіндігі болмайды. Себебі, ол үшін арнайы «оқитын» құрылғы болуы керек.

Айтқандай, кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуі – заң аясынан шықпауы керек. Бұл талапқа бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бағынышты. ҚР Президентінің сайлауын ақпараттық қамтамасыз етудегі БАҚ-тың рөлі туралы ҚР Орталық сайлау комитетінің мүшесі Шегорцова Анастасия Геннадьевна айтты берді. Оның сөзінше, үгіт-насихат материалының нақты айқындалуы белгілері бар. Олар төртеу: 1. Белгілі бір кандидатқа дауыс беруге (қарсы болуға) шақыру; 2. Кез келген кандидат туралы жағымды көзқарас көрсету; 3. Кандидатты сайлаған (сайламаған) жағдайда оның салдары туралы суреттеу; 4. Әлдебір кандидат туралы асыра жағымды немесе жағымсыз пікірлерге сүйене отырып мәліметтер беру. Тұрасын айтқанда, сайлау науқаны кезеңінде де бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) өзінің негізгі қағидаларына берік болуы шарт. Олар: объективтілік, заңдылық, сенімді ақпарат беру, жеке өмірі мен абыройын, адамның құқығын құрметтеу. Бұл ретте «қара пиар» жасау, ұлтаралық, дінаралық кикілжіңге бастайтын дау-дамайларға жол бермеу, кандидаттардың бірін-бірі қаралауын болдырмау сынды принциптер қатаң ұсталуы керек. Кандидаттардың мұндай заңнамалық талаптарға қайшы келетін материалдарын баспауға редакция толық құқылы. Бұл үшін кандидатқа немесе сенімді өкіліне, аумақтық сайлау комиссиясына үгіт-насихат материалын жариялаудан бас тартудың негізгі себептерін атай отыра жауап жіберуі керек. БАҚ басшылары сайлау материалдарын жариялаудың ақысы туралы мөлшерлі бағаларды уақытылы бекітіп, аумақтық сайлау комиссиясына жөнелтуге міндетті. Үгіт-насихат материалдарын жариялайтын БАҚ тізімі ОСК сайтында жарияланады. Жалпы, ОСК өзінің сайты арқылы, БАҚ-тар, телеграм каналы арқылы жұртшылыққа барынша ашық болуды көздеп отыр. Сондай жариялылық пен кәсібилікті облыстардағы аумақтық сайлау комиссияларынан да талап етілетіні айтылды. Жасыратыны жоқ, облыстық аумақтық сайлау комиссиялары журналистердің сұраныстарына жедел жауап бермей жатады, дауыс берудің аралық нәтижелері туралы да Орталық нұсқау бермейінше жарияламайды, жұмған аузын ашпайды. Бұндай көріністі соңғы референдум барысында біздің редакция нақты бастан кешірген болатын. Ендігі жерде ОСК мүшелері аумақтық өңірлік комиссиялар неғұрлым ашық болады деп сендіріп отыр. Жалпы кандидаттарға телеарнадан сөйлеуге 15 минут, радиодан шығуға 10 минут уақыт беріледі. Сондай-ақ, газеттерге және желілік басылымдарға жалпы көлемі 0,1 баспа беті болатын көлемде 2 материал басуға мүмкіндік ұсынылады. Барлық кандидатқа теңдей жағдай жасалады. Газеттер материалдарды біркелкі таралыммен (тиражбен) басылатын нөмірлерге орналастырады. Кандидаттардың жариялану кестесі де алдын ала әзірленеді. Ал телеарналарда тәртіп шамалы өзгеше: қай кандидаттың бірінші эфирге шығатыны материалдың ерте ұсынылуына байланысты болады немесе өзара жеребе тартылып анықталады. Биыл мүгедектігі бар сайлаушыларға дауыс беру жағдайын жасауға баса мән берілуде. Бұл ретте, арбамен жүретін, құлағы нашар еститін және көзі нашар көретін зағип жандардың сұраныстары ескеріледі. Бұл бойынша бақылаудың барлық өңірлерде іске асырылатыны туралы республикалық «Қазақстан Санқыраулар қоғамы» бірлестігінің төрағасы Сайлауғұл Омарханов мәлім етті. Ендігі басты мәселе – сіз бен біздің азамат ретінде дауыс беру процесіне белсенді қатысуымыз қажет екені мәлім. Бұл туралы тағы да жеке мақалада сөз ететін боламыз.

Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ,
Астана қаласы.

• Жемқорлыққа Жол Жоқ!

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ БАСШЫСЫ КӘСІПКЕРДІ АЛДАҒАНЫ ҮШІН СОТТАЛДЫ

Петропавлда СҚО Қызылжар ауданы Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы М.А. Ағажановқа қатысты қылмыстық іс бойынша ҚР ҚПК-нің 200-бабы тәртібінде алаяқтық фактісі бойынша ұсыным қаралды.

2022 жылғы 14 маусымда Солтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен қызметтік жағдайын пайдалана отырып алаяқтық жасағаны үшін лауазымды тұлғаға ҚР ҚК 190-бабы 3-бөлігінің 2-тармағы бойынша жаза тағайындалып, қылмыстық-атқару жүйесінің орта қауіпсіздік мекемесінде 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды. Ол енді өмір бойы мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдар атқару құқығынан айырылды.

СҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі басшысының бірінші орынбасары Айдос Жүнісов бұл факт өңірдегі автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласындағы қылмыстық схеманы ашу бойынша жедел әзірлеу нәтижесінде анықталғанын атап өтті.

Бұдан әрі қылмыстық егжей-тегжейін СҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі Превенция басқармасының басшысы Дамир Хабибулин ашты.

«Мекеме басшысы серіктестік директорынан мемлекеттік сатып алуға табысты қатысу үшін кәсіпорынның қажетті тұрақтылық коэффициентін арттырғаны үшін 1 млн. 250 мың теңге мөлшерінде заңсыз материалдық сыйақы алды. Лауазымдық міндеттеріне байланысты М.А. Ағажановқа серіктестік төлеген салық көрсеткішіне өзгерістер енгізу туралы өтініш кез келген жағдайда қанағаттандырылатыны белгілі болды, бірақ қылмыстық пайданың мақсатын көздей отырып, ол бұл факт туралы үндемеді», - деді Дамир Хабибулин.

Қарау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауға әкеп соқтырған, бағынысты қызметкерлердің қызметін бақылау жөніндегі қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін СҚО МКД басшысы Т.Б. Қабушев тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет агенттігі.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР, ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

2022 жылдың 15 қазаны сағат 09.00 баршаңызды аудандық дәстүрлі ауыл шаруашылық жәрмеңкесіне шақырамыз. Сіздерді үлкен ассортиментте шұжық, май-сүт және ет өнімдері күтеді. Сонымен қатар көкөністер: картоп, сәбіз, орамжапырақ, сондай-ақ, үй шаруашылығына арналған жемшөп дақылдары.

Өткізілетін орны: Агробизнес колледжінің аумағы (№ 5 ОМ қарама-қарсы).



УВАЖАЕМЫЕ ТАЙЫНШИНЦЫ, ГОСТИ ГОРОДА!

Приглашаем всех 15 октября 2022 года с 09.00 часов утра на традиционную районную сельскохозяйственную ярмарку. В большом ассортименте Вас будут ждать колбасные изделия, масло-молочная продукция и мясные изделия. Также овощи: картошка, морковка, капуста, а также кормовые культуры для домашнего хозяйства. Место проведения: район колледжа Агробизнеса.


• 25 қазан – Республика күні қарсаңында

«РЕСПУБЛИКА КҮНІ» МЕЙРАМЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев: Республика күнін қайтару – зор мәнге ие. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. әрине, тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек».

13 жыл аталмай кеткен Республика күні ұлттық мереке ретінде қайтып оралды. Бұдан былай Қазақстанның елшіліктері мен дипломатиялық өкілдіктерінде Тәуелсіздік мерекесінде емес, Республика күнінде ресми шаралар өткізілмек. Биылдан бастап Тұңғыш президент күні мемлекеттік мереке ретінде атап өтілмейтін Қазақстанда 25 қазан – Республика күні ұлттық мерекеге айналды. Бұл туралы қыркүйектің 29-ында президент Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған Қазақстанның кейбір заңнамалық актілеріне «кинематография, мәдениет және мерекелер мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы заңында айтылған.



ҚАРАСАЙ ЖӘНЕ АҒЫНТАЙ БАТЫР КЕСЕНЕСІ



Ағынтай және Қарасай батырлардың басына тұрғызылған кесене – еліміздегі аса көрнекті тарихи ескерткіш. Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Мәдениет ауылында 1999 жылы бой көтерген мемориалды кешенді атақты қазақ сәулетшілері Бек Ибраев пен Сәдуақас Ағытаев салған. Алыстан менмұндалап тұрған Құлшынбай төбенің басында Ұлы даланың даңқты ұлдары Ағынтай мен Қарасай жерленген. Ел аузындағы көп аңыздың біріне сенсек, Қарасай бозбала кезінен-ақ ортасынан өне бойы озық тұрған. Дене бітімінің ірілігі сонша, Қарасайға бір жұп етік тігу үшін бір бұқаның терісі кеткен екен. Ағынтайдың да алыптығын халық ұмытпаған. Әлі күнге дейін ел арасында қолы шоқпардай мықты азаматтарды «Ағынтай жұдырық» деп жатады. Қос батыр өмірінің соңына дейін үзеңгілес болған. Елі мен жерін жоңғарлардан қорғау үшін майданға аттанған уақытта екеуінің де жасы 18-дерде еді. 48 жыл бойы қанды көйлек дос болған қос батыр 200-ге жуық қанды шайқастан бірге аман оралған-мыс. Шапырашты Қарасай мен арғын Ағынтайдың бейітіне салынған кесене түркі қағандарының ордасына ұқсас, ерекше сәулетті құрылыс, адал достық пен асқан ерлікке қойылған іргелі ескерткіш. 16-метрлік күмбезді мұнаралардың арасына мешіт салынған. Мемориалды кешен Меккеге қарап тұр. Кесененің ішінде пинакотека залы бар. Зал қабырғаларына батырлардың ерлігін әйгілеп тұрған жазбалар қашалған. Кешен жыл, он екі ай келушілерді қабылдауға дайын. Мемориалды кешенге жеткізер жолдар Саумалкөл елді мекені арқылы өтеді. Саумалкөлге дейін Петропавл мен Көкшетаудан автобус пен такси қатынайды. Жазда жұма мен жексенбі күндері Нұр-Сұлтан мен Көкшетаудан Володарское (Саумалкөл) теміржол бекетіне дейін пойызбен жетуге болады. Жалпы Саумалкөл мен Петропавл арасын 250 шақырым, Көкшетаумен 92 шақырым бөліп жатыр. Орналасу және тамақтану жағы қарастырылған. Туристер мен зиярат етпек келушілер үшін кесене маңынан қонақүй ашылды. Кесенеге ең жақын елді мекен – Саумалкөл ауылында да қонақжайлар мен шағын қонақүйлер бар. Ал енді қалалық жайлылықты қалайтын туристер Көкшетауға немесе Петропавлға оралып, сондағы қонақүйлердің біріне орналасуға тұра келеді. Тамақтануға болатын кафелер мен мейрамханалар кесенеге жеткізер бағдар бойында жеткілікті.



1999 жылы 16 маусымда Петропавл қаласында алдын ала салынған тұғырға қазақ халқының аты аңызға айналған қос батыры Қарасай батыр мен Ағынтай батырдың мүсіндері қойылды. Жауынгерлердің екі қола мүсіні қару-жарақта иық тіресе тұр, әрқайсысының қолында шың бар, батырлар алдарында қалқан ұстаған сәттері бейнеленген. Мүсіндік композицияны қоладан Беларусь шеберлері құйған, ал оны монтаждауды Қазақстан Сәулетшілер одағы өкілдерінің басшылығымен Петропавл ауыр машина жасау зауытының мамандары жүргізген. Мүсінші-Досжанов Болат Сапарұлы. Ескерткіштің биіктігі-14 метр.

Өңір тарихы — Архив деректерінде

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,

М. Қозыбаев атындағы СҚУ профессоры, Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі.

Сәуле МӘЛІКОВА,

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің директоры, тарих ғылымдарының кандидаты.

Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін әр аймақ өзінің тарихын зерттеуге ерекше құлшыныспен кірісті ғой. Өлкеміздің сан ғасырлық тарихындағы қатпарлы құпияның бетін ашып, жабулы жұмбағын шешу, шыңырау түбінде қалған шындықты шығару — әрқайсысымыздың перзенттік борышымыз, ұрпақ алдындағы парызымыз.

Мемлекеттің басқару органдары халықтың тіршілік әрекетінің қолайлы жағдайлары үшін тиімді әкімшілік-аумақтық құрылымды қамтамасыз етуі керек. Әкімшілік-аумақтық құрылымының мәнін ашатын негізгі ұғымның бірі — әкімшілік-аумақтық бөлініс болып табылады. Әкімшілік-аумақтық бөлініс — республиканың бірнеше елді мекендері енгізілетін, оның мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын республика аумағының бір бөлігі.

Тарихи деректерге жүгінсек, 1936 жылдың 29 шілдесінде БОАК Төралқасының Қаулысымен Қазақ АКСР құрамында жаңа облыстар пайда болды. Осы қаулының негізінде Қостанай облысы Ақтөбе облысының құрамынан бөлініп шығып, Қарағанды облысы ықшамдалып, Солтүстік Қазақстан облысы атты жаңа облыс пайда болды. Қарағанды облысының орталығы 1934 жылдың ақпанында қала мәртебесіне ие болған, индустрия орталығына айналған — Қарағанды қаласына көшірілді, ал Петропавл қаласы жаңадан ашылған Солтүстік Қазақстан облысының орталығы болып қалды.

Әкімшілік-аумақтық жаңа бөлініске байланысты бұрынғы Қарағанды облысына қараған Пресногорьков ауданы жаңадан ашылған Қостанай облысының құрамына берілді. Солтүстік Қазақстан облысының құрамына 16 аудан өтті. Облыстың аумағында барлығы 25 аудан болды және сол құжат бойынша Солтүстік Қазақстан облысында Келлеров және Соколов аудандары құрылған еді. Қаулыға БОАК-нің төрағасы — М.И. Калинин, БОАК-нің хатшысы — А. Киселев қол қойған.

1934-1937 жылдары Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің және Петропавл қалалық комитетінің бірінші хатшысы, іс жүзіндегі ең жоғарғы билік иесі Максим Кирович Аммосов (1897-1938 ж.ж.) болды. М.К. Аммосов Якутияның Намск ұлысындағы Хатырык елді мекенінде туған, якут ұлтының перзенті еді. Облыстың және тұтастай Қазақстан экономикасының дамуына үлес қосқан, қазақ тілінде еркін сөйлеп, жергілікті тұрғындардың құрметіне бөленген қайраткер болса керек. Тіпті, өз кезінде Қазақстанды жеке-дара билеген Ф. Голощекиннің содыр саясатына қарсы шыққаны туралы деректер бар. Ол тоталитарлық жүйенің құрбанына айналып, 1938 жылы жазықсыз жауапқа тар-тылып, атылып кеткен.

Солтүстік Қазақстан облысының аумағы енді құрылған шақта 200.115 мың шаршы шақырым жерді құраған, 882 мың тұрғыны болған. Құрамына: 25 аудан, 5 қала, 425 ауылдық кеңес, 28 совхоз, 60 МТС, 1113 кеңшар енген.

Облыстың құрамына енген аудандар мыналар: Айыртау ауданы, орталығы — Володаровка ауылы; Арықбалық ауданы, орталығы — Арықбалық ауылы; Атбасар ауданы, орталығы — Атбасар қаласы; Бейнетқор ауданы, орталығы — Шолақ-Досжан ауылы; Булаев ауданы, орталығы — Булаево ауылы; Есіл ауданы, орталығы — Қима ауылы; Зеренді ауданы, орталығы — Зеренді ауылы; Калинин ауданы, орталығы — Журавлевка ауылы; Келлер ауданы, орталығы — Келлер ауылы; Қызылту ауданы, орталығы — Қызылту ауылы; Көкшетау ауданы, орталығы — Көкшетау қаласы; Красноармейск ауылы, орталығы — Новосухотин ауылы; Ленин ауданы, орталығы — Явленка ауылы; Макин ауданы, орталығы — Вознесенка ауылы; Мамлют ауданы, орталығы — Мамлют ауылы; Молотов ауданы, орталығы — Балқашино ауылы; Полудин ауданы, орталығы — Полудино ауылы; Преснов ауданы, орталығы — Преснов ауылы; Приишим ауданы, орталығы — Боголюбово ауылы; Рузаев ауданы, орталығы — Рузаев ауылы; Соколов ауданы, орталығы — Соколов ауылы; Сталин ауданы, орталығы — Алексеев ауылы; Төңкеріс ауданы, орталығы — Марьев ауылы; Щучинск ауданы, орталығы — Щучье ауылы; Еңбекшілдер ауданы, орталығы — Казгородок кенті.

Сонымен қатар облысқа қала санатындағы Степняк қаласы да қарады.

Негізінен облыста егін, мал шаруашылығы дамыды. “Биыл көктемгі егіс жақсы дайындықпен басталып, қысқа мерзімде аяқталды. Барлық егістік алқабының 35,6 пайызына сортты және сапасы жоғары тұқым себілді. Егін шаруашылығында тракторлар пайдалану жөнінде одақ бойынша тоғызыншы орынға шықтық. 1935 жылы 82 мың га. егін комбайнмен жиналған болса, 1936 жылы 336 мың га. яғни барлық дәнді дақылдың 41,3 пайызы комбайнмен орылды, әр комбайнның өнімділігі науқан бойына 373 га. келді”, — делінген жыл қорытындысына арналған есепті баяндамада.

Қарағанды облысында 1934-1935 жылдары егін шығымы жақсы болған. Ал 1936 жылы қыста қар аз жауып, маусым-тамыздың басында құрғақшылық орын алды. Осыған байланысты астық түсімі аз болды. Алдын-ала есеп бойынша,

астық шығымдылығына қарап, әр гектардан 4,3 ц. дән түседі деп есептелгенімен, нақты түсім 3,1 ц. ғана болған. “Сөйтіп, былтырғы 52,5 миллион пұттың орнына 27,4 миллион пұт немесе 52,5 пайыздай ғана астық алдық, мемлекеттік жоспар орындалған жоқ”, — деген көңілсіз деректер де келтірілген.

Облыс еңбеккерлерінің мал шаруашылығы саласында мемлекеттік және жеке меншікті қоса алғанда, мал басын өсіру жоспары асыра орындалған. Жыл соңындағы санақ бойынша малы жоқ жеке шаруашылықтардың саны 341 ғана болып, 0,4 пайызға азайған, 2002 шаңырақтың сиыры жоқ, 18422 отбасында қой жоқ. “Демек, алдағы 1937 жылы ауылдағы әрбір еңбекші отбасының қорасында сиырдың болуын қадағалай-мыз, қой санын көбейтеміз”, — деп сендірген облыс басшыларының уағдасы орындалмай қалған еді.

Ауа райы қолайсыз болып, егін шықпай қалған жылы совхоздар бойынша жағдай мәз болмаған. Баяндамада: “Жүз сиырға шаққанда 79,9 бұзау алынды. Колхоздар бойынша мемлекетке сүт тапсыру жоспары 77, ет жоспары 95,8 пайызға орындалса, совхоздарда бұл көрсеткіш 70,6 пайыз мөлшерінде ғана. Мал тұқымын асылдандыру үшін 1936 жылы колхоздарға сырттан асыл тұқымды 5385 бұқа жеткізілді, олардың ішінде герфорд (етті сиыр тұқымы), немістің қызыл сиыры, прекокс (биязы жүнді қой) тұқымдары бар”, деген деректер кездеседі.

Мал азығын дайындау жөнінде: “Қолдағы мал үшін жоспар артық орындалып, 956 мың ц. пішен дайындалған. Астық шықпай қалғандықтан құрама жем жетіспей, соның салдарынан шошқа саны азайған.

Сол 1936 жылдағы ұйымдастыру-басқару жұмыстарының сыр-сипатына келер болсақ, “Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру деңгейі 96,2 пайызға жетті. Облыста 1154 колхоз болса, оның ішінде малсеріктестіктері 143. Биыл 1933 ж. дейінгі асыра сілтеушілік зардаптары жойылды дегуге болады. Әрбір ұжымдық шаруашылықта 1934 ж. орта есеппен 11,2 га. жері және 0,7 аты болса, қазір 1,6 аттан келеді”. Осы деректер қазіргі ұрпақ үшін түсініксіздеу болса да, кезінде бұл көрсеткіштер көңіл марқайтқанға ұқсайды.

Шаруашылық жүргізудің негізгі түрі — ұжымдық меншікке негізделсе де, мынадай кемшіліктерге жол берілген: “Колхоз жарғысын бұзу көріністері әлі жойылған жоқ. Мысалы, “Революция жалыны” колхозы ауылшаруашылығы машиналарын сатып аламыз деп, 1200 пұт астық сатқан да, түскен ақшаны орынсыз жұмсап жіберген. Сталин атындағы колхоз әкімшілік-шаруашылық шығындарға деп 1700 сом жоспарласа, жарты жылдың ішінде 1802 сомды жұмсап үлгерген. Полуден ауданындағы “Красный боец” колхозының төрағасы Ударцев “колхоздан қашу керек” деп өтініш берген. Оның соңынан 13 колхозшы қашып кеткен”.

Баяндамадағы мына деректерге көңіл аударсақ, біраз жағдайды түсінеміз: “Үлкен кемшілік, желден қорғайтын орман алқаптарын отырғызу болып отыр. Айталық, жоспардағы 1223 гектардың орнына 558 гектарға ғана шыбық отырғызылған. Есіл өзенінің жағасындағы талды шауып, құрту — облыстағы жалғыз су қоймасына ерекше зиян келтіруде.

Аспаннан бұлт шақыратын көлдеріміз жыл сайын кеуіп барады, кейбіреулері мүлде құрғап кеткен”. Сол кезде, ата-бабаларымыздың қолымен отырғызылған орман алқаптарын қазір қалай сақтап, байытып келеміз? Міне, бұл да ойланатын мәселе.

Қай заманда да барлық игілік атаулы тек қана еңбекпен келетіні мәлім. Еңбек адамы қашан да құрметке бөленбек. Яғни, осыдан 85 жыл бұрын жемісті еңбегімен аты аталған азаматтар бүгінгі ұрпаққа да жақсы өнеге ғой. “Облыста жақсы еңбек ететін озаттар бар. Мысалы, “Тоқшын” совхозының “Құрмет белгісі” орденін алған сауыншысы Мария Темірбаева 1935 жылы әр сиырдан орта есеппен 2000 литр сүт сауса, 1936 жылдың 8 айында 3120 литр сүт беріп отырған. Онымен жарысушы М. Шматова әр сиырдан 1849 литр сүт сауса, оның “Бражка” деген сиырының өзі 1320 литр сүт берген”.

Шаруашылықтағы кемшіліктердің орын алуының бір себебі “тап жауларының бүлдіруші әрекеті” болуы мүмкін деген қауіп аралас күдік те қылаң береді... “Одақтағы аса ірі кәсіпорындардың қатарына жататын Петропавл ет комбинаты жоспарын 88,3 пайызға ғана орындады, оның ішінде консерві жөнінде 50 пайызға ғана. Себебі — қаңылтыр жетіспейді. Ет ком-бинатында консерв торабының бастығы Шмовский бастаған “зиянкестер” тобы анықталды. Омбы теміржолында революцияшыл-диверсиялық ұйымдар бар екен”. Бірнеше айдан кейін жаппай қуғын, жазықсыз айдау-атуға ұласқан қанды қасаптың басталар алдындағы қоғам мінезі осындай болды.

Большевиктер партиясының 1925-1937 жылдардағы ұлт саясатын Кеңес одағында тоталитарлық басқару жүйесі орнаған жағдайдағы ұлт саясаты деп бағалаған жөн. Ұлт мәселесінің теориялық жақтары В.И. Лениннің еңбектерінде,

большевиктер партиясының 1917 жылғы сәуір конференциясында, VIII, X және XII съезінде, ұлт мәселесі жөніндегі IV Кеңесте шешімін тауып қойған, енді бұдан былай ұлт мәселесін тәжірибелік, дәлірек айтқанда, сталиндік тұрғыдан шешу деп бағалауға болады. Осы тұрғыдан келгенде, 1936 жылғы КСРО-ның жаңа Конституциясында бірнеше автономиялы республикаларға одақтас республика мәртебесін бергендей кейбір жетістіктері де болғанын мойындау қажет.

Тарихқа үңілер болсақ, 1936 жылы шілде айында КСРО-ның жаңа Конституциясының қабылдануы Қазақ мемлекеттілігі тарихындағы бір елеулі кезең болды. Барлық елдер сияқты, Солтүстік Қазақстан облысында да жаңа Конституцияның жобасын талқылап, көптеген жиналыстарда облыстың еңбек қауымы жобаны дұрыс деп қабылдап, өздерінің пікірлері мен ұсыныстарын қосып отырған. Мәселен, 1936 жылғы 17 қарашада Кеңестердің Төтенше III облыстық съезі Конституцияның жаңа нұсқасын толық қолдап, Кеңестердің КСРО Төтенше VIII съезі мен Кеңестердің Бүкілқазақстандық Төтенше X съезіне делегаттарды сайлаған. Кеңестердің КСРО Төтенше VIII съезіне сайланған делегаттардың құрамында: Нұрымов — еткомбинатының стахановшысы, Рузаев — жүргізуші-стахановшы, Ермакова — сауыншыстахановшы және т.б. болған.

Осы орайда, 1936 жылдың 5 желтоқсанында Кеңестердің Төтенше VIII съезінде қабылданған КСРО-ның жаңа Конституциясы негізінде Қазақ АКСР-і РКФСР құрамынан шығып, Одақтық республика (Қазақ КСР) болып қайта құрылды. Сәйкесінше облыс атауы былайша өзгеріп отырған:

Қазақ АКСР Солтүстік Қазақстан облысы (29 шілде 1936 — 5 желтоқсан 1936 ж.);

Қазақ КСР Солтүстік Қазақстан облысы (5 желтоқсан 1936 — 26 желтоқсан 1960 ж.);

Қазақ КСР Тың өлкесі Солтүстік Қазақстан облысы (26 желтоқсан 1960 — 19 қазан 1965 ж.);

Қазақ КСР Солтүстік Қазақстан облысы (19 қазан 1960 ж. — 16 желтоқсан 1991 ж.).

1937 жылы Қазақ КСР Кеңестерінің кезектен тыс V съезінің шешімімен бекітілген Қазақ КСР Конституциясына сәйкес Қазақстанның Орталық және жергілікті билік органдары жаңаша түзілді. Барлық деңгейдегі өкілетті органдар жұмысшы, шаруа және қызылскер депутаттарының Кеңестері деп аталды. Тиісінше, Солтүстік Қазақстан облысының ең жоғарғы билік және өкілетті органы облыстық атқару комитетінің төралқасы болды да, ол 1939 жылғы сайлаудан кейін облыстық атқару комитеті деп аталды.

Алматы қаласында 1937 жылдың 21-26 наурызында өткен Кеңестердің Бүкілқазақстандық төтенше X съезі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясын бекітті. Кеңестердің Бүкілқазақстандық төтенше X съезінің делегаттары И. Сталинге алғыс хат жолдап, кейін хаттың мәтінін баспасөзде жариялаған. Сталиндік Конституцияның жетістігін халыққа түсіндіру науқаны мерзімді басылымдарда жалғаса берді. КСРО Конституциясы мен Қазақ КСР Конституциясы КСРО-да социалистік қоғамдық қатынастар жойылып, капитализмнен социализмге өту кезеңі аяқталды деп бекітті. Бірақ, Конституцияда жарияланған социалистік демократия принциптері аяқ асты болып, сөз бен істің арасы алшақтады. Қоғамның дамуына “жазылмаған” заңдар үстемдік ете бастады. Оның арты биліктің солақай саясатын сынап, тұйықтан шығудың жолдарын көрсеткен мемлекетшіл азаматтарды қуғын-сүргінге ұшыратудың жаңа кезеңіне, жаппай “халық жауларын” ұстау науқанына ұласты.

1937 жылы 12 желтоқсанда облыстың жұмысшылары КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттар сайлауына қатысып, коммунистер мен партияда жоқтардың кандидаттарын сайлады. Солтүстік Қазақстан облысынан КСРО Жоғарғы Кеңесіне сайланған бірінші депутаттар: Н.С. Кузнецов (обкомның хатшысы), Я.А. Тертычный (орден иегері, Красноармейск ауданының “Северная звезда” ұжымшарының мүшесі), А.Д. Михин (орден иегері, Приишим МТС-ның комбайнері). Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне сайлау 24 маусым күні өтіп, Солтүстік Қазақстан облысынан 45 депутат сайланды. КСРО Жоғарғы Кеңесіне сияқты Қазақ КСР-нің сайлаушылары депутаттыққа коммунистер мен партияда жоқтардың блогын сайлаған. Депутаттыққа сайланғандардың ішінде: И.Г. Шеренгин — обком хатшысы, Ш. Ажибаев — Қиялы кеңшарының тракторшысы, А.В. Маматов — Петропавл станциясының вагон үчаскесінің инженері, М.Д. Долгушева — Ленин ауданының Красноармейск еткомбинатының қызметшісі болған.

Елде тыныштық пен бейбітшілік орнап азаматтық келісім салтанат құрған кезде қоғам өмірінде жаппай террордың басталуы, XX ғасырдың 30-жылдардағы биліктің жүгенсіздігі халықтың басына қара бұлт үйірді. Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің 1937 жылғы ақпанаурыз Пленумы кеңестік қоғамды кең ауқымда тазарту жұмысын бастауға тапсырма беріп, елдегі саяси қуғын-сүргінді барынша күшейтіп жіберді. Дегенмен, жаппай саяси қуғын-сүргіннің нақты бастау алған уақыты мен дерегі ретінде зерттеушілер КСРО Ішкі істер халық ко-миссариатының 1937 жылғы 30 шіл-деде шығарылған №00447 бұйрығын атайды. Осы кездегі үлкен террор кезеңі, алапат зобалаң шақ 1937 жылғы 5 тамыздан 1938 жылғы 16 қарашаға дейін созылды. Оның нәтижесін (сондай-ақ, ұжымдастырудың да салдарын) зерттеушілер өз халқына қатысты жасалған геноцид деп атауда. Ұлтымыздың қаймағын сыпырып алған жаппай саяси қуғын-сүргінді (сондай-ақ, халқымыздың жалпы санының жартысын қынадай қырған ашаршылық апатын) біздің елде де осылай бағалау керек.

(Жалғасы газеттің келесі санында).

• Көпшілік НАЗАРЫНА!

БЖЗҚ-НЫҢ 5 СҰРАҚ АЙДАРЫ ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРЕДІ



1) Сәлеметсіз бе! Мен үш жыл бұрын зейнетақы жинағымды сақтандыру ұйымына аудардым. Айтыңызшы, мен бұл ақшаның бір бөлігін қайтара аламын ба?

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын, банк қызметін реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес нормативтік құқықтық актілерге бірқатар өзгерістер енгізілді. Оның ішінде 2022 жылғы 12 қыркүйектен бастап «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 60-бабына да өзгерістер енгізілді.

Заңның 60-бабының 14-тармағында зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан тұлғалар ол жасалған күннен бастап екі жылдан асқан кезде сақтандыру ұйымына сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және ақшаны БЖЗҚ-ға қайтару бойынша Шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы екендігі белгіленді. БЖЗҚ-ға қайтаруға жататын ақша сомасы оған өзгерістер енгізілген күнгі зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сатып алу сомасы мен зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күнгі Заңның 59-бабының 2-тармағында айқындалған төлем мөлшерін негізге ала отырып есептелген сақтандыру сыйлықақысының сомасы арасындағы айырмаға тең. Басқаша айтқанда, сақтандыру ұйымында зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күні қолданыста болатын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен емес айлық сақтандыру төлемінің мөлшерін өмір бойы қамтамасыз ететін сома қалуға тиіс. Осы тармақтың күші Заң қолданысы енгізілгенге дейін жасалған зейнетақы аннуитеті шарттарынан туындаған құқықтық қатынастарға да қолданылатынын атап өтеміз.

БЖЗҚ-ға ақшаны қайтаруды жүзеге асыру үшін салымшы (алушы) салымшымен (алушымен) зейнетақы аннуитеті шарты жасалған сақтандыру ұйымына сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және БЖЗҚ-ға ақшаны қайтару бөлігінде Шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінуге тиіс.

2) Қайырлы күн, мен қазір зейнеткермін және зейнетақы жинақтарым жеткіліктілік шегінен жоғары, сондықтан емделу үшін зейнетақы жинақтарымның бір бөлігін ала аламын ба?

Заңның (Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңы) 30-бабының 1-тармағына сәйкес БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері және (немесе) зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымынан сақтандыру төлемдері түрінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан жүзеге асырылады. Сондай-ақ, Заңның 31-бабының 1-1-тармағында, 32-бабының 1-1-тармағында көрсетілген адамдарға тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдері түрінде беріледі.

Осылайша, Заңның 31-бабының 1-1-тармағында және 32-бабының 1-1-тармағында МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен біржолғы зейнетақы төлемдеріне, оның ішінде өзіне немесе жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына емделуге ақы төлеу мақсатында БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдардың төменде көрсетілген талаптардың бірі болған кезде құқығы көзделген, олар:

егер салымшының жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) бар МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегінен асып кетсе;

егер зейнетақы мөлшері, ал отставкадағы судьялар үшін ай сайынғы қамту сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленетін алушының орташа айлық табысының 40 пайыздан төмен емес деңгейде алмастыру коэффициентін қамтамасыз етсе; егер салымшы сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаса.

Бұл ретте емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану тәртібін реттейтін қағидаларда біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен төленетін медициналық қызметтер тізбесі де берілгенін атап өткен жөн. Ол мыналарды қамтиды:

- орфандық ауруларды емдеу;
- стоматологиялық қызметтер;
- түзету және қалпына келтіру операциялары (пластикалық);
- радионуклидті емдеу және радиойодты терапия;
- радиохирургиялық емдеу;
- протондық терапия;
- офтальмологиялық қызметтер.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, егер Сіз жоғарыда аталған санаттардың біріне жатсаңыз, онда біржолғы зейнетақы төлемдеріне құқығыңыз бар.

Алуға болатын зейнетақы жинақтарының сомасы туралы мәліметтерді Сіз ЖЗШ-дан үзінді көшірмеден көре аласыз. Оны БЖЗҚ сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетте (алуға болатын сома автоматты түрде көрсетіледі) не электрондық үкіметтің сайтында немесе қосымшасында көруге болады.

3) Қайырлы күн! БЖЗҚ қызметтерін жеке кәсіпкерім, оның сандық көшірмесімен ала аламын ба?

Иә, бүгінде жеке зейнетақы қызметтерін жеке кәсіпкерім көрсетпей-ақ алуға болады. Ол үшін смартфондағы egovmobile қосымшасында оның сандық (электрондық) нұсқасы болуы жеткілікті.

Мұндай мүмкіндікке тек Қазақстан Республикасының азаматтары ғана және тек БЖЗҚ кеңсесіне жеке өзі жүгінген кезде ие болады.

4) Қайырлы күн! Менің жұбайым Түркия азаматы, бірақ Қазақстанда ұзақ уақыт бойы жұмыс істеп келеді. Оның БЖЗҚ-да жинақтары бар. Айтыңызшы, ол өзінің жеткіліктілік шегінен асатын ақшасын тіс емдеуге пайдалана ала ма?

ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең дәрежеде зейнетақымен қамсыздандыру құқығын пайдаланады.

ҚР «Жеке басты кәсіпкерімнің құжаттары туралы» Заңының 1-бабының 14) тармақшасына сәйкес шетелдіктің Қазақстан Республикасының аумағында жеке басын кәсіпкерімнің және оның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алғанын растайтын құжат шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты (ШТ) болып табылады.

Демек, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұру дерегін шетелдіктің тұруға ықтиярхатының бар екендігімен растайтын шетелдіктердің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін (олар болған кезде) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында, сондай-ақ, заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес болған кезде инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін пайдалануға құқығы бар.

Осылайша, Заңның 31-бабының 1-1-тармағында және 32-бабының 1-1-тармағында МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен біржолғы зейнетақы төлемдеріне, оның ішінде өзіне немесе жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына емделуге ақы төлеу мақсатында БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдардың төменде көрсетілген талаптардың бірі болған кезде құқығы көзделген, олар:

егер салымшының жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) бар МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегінен асып кетсе;

егер зейнетақы мөлшері, ал отставкадағы судьялар үшін ай сайынғы қамту сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленетін алушының орташа айлық табысының 40 пайыздан төмен емес деңгейде алмастыру коэффициентін қамтамасыз етсе; егер салымшы сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаса.

5) Сәлеметсіз бе! Мен - Ресей азаматымын. Бірақ геосаяси жағдайға байланысты Қазақстанда тұрып, жұмыс істеймін. Егер мен өз азаматтығымды өзгертпесем, зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі қалай шешіледі?

ЕАЭО туралы 29.05.2014 жылғы Шарттың 98-бабының 3-тармағына сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбеккерлері мен олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру тұрақты тұратын мемлекеттің заңнамасымен, сондай-ақ, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы жекелеген халықаралық шартқа сәйкес реттеледі. Мұндай халықаралық шарт 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Келісім (бұдан әрі - Келісім) болып табылады.

Келісімнің негізгі мақсаты - ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерінің зейнетақы құқықтарын жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтарымен бірдей шарттарда және тәртіппен қалыптастыру. ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің азаматтарына зейнетақымен қамсыздандыру құқықтарының көлемін өз азаматтарына ұқсас шарттарда ұсынуға кепілдік беруге тиіс.

Осылайша, егер Сіз Ресей Федерациясының азаматы ретінде Қазақстан аумағында еңбек қызметін Қазақстанның құқық берушісімен жасалған еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде уақытша жүзеге асыратын болсаңыз, онда жұмыс беруші табысыңызды есептеу кезінде зейнетақы жарналарын (МЗЖ/МКЗЖ) ұстап қалып, БЖЗҚ-ға аударуға міндетті. Бұл ретте МЗЖ және МКЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шоттары (ЖЗШ) жұмыс берушіден БЖЗҚ-ға МЗЖ/МКЗЖ-ның бастапқы сомасы түскен кезде автоматты түрде ашылады.

Еңбек шарты немесе жұмыс берушімен азаматтық-құқықтық шарт бұзылған жағдайда, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығыңыз Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 2.3-тармақшасында көзделген жағдайлар туындаған кезде ғана пайда болады, атап айтқанда:

- 1) зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін;
- 2) егер мерзімсіз болып белгіленген бірінші және екінші топ мүгедектігі берілген кезде. Бұл ретте жоғарыда аталған жағдайлар туындаған кезде, Сіз зейнетақы төлемін алу бойынша Келісімді іске асыру үшін Қазақстандағы құзыретті орган болып табылатын БЖЗҚ-ға немесе тұрғылықты мемлекеттің құзыретті органына, мысалы, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттарды ұсына отырып, Ресей Федерациясының Зейнетақы қорына жүгінуге құқылысыз.

Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорының Баспасөз қызметі.

БАЛАЛАРҒА БАҚЫТ СЫЙЛАП, КӨҢІЛДЕРІНЕ ҚУАНЫШ ҰЯЛАТА БІЛГЕН ЖАНДАРҒА, МЫҢ АЛҒЫС!



Қазанның 12 жұлдызында аудандық мәдениет Үйінде әлеуметтік қызметтер үй жағдайында ұсынылатын ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «Алтын күз» мерекелік іс-шарасы өтті. Жалпы аудан бойынша 44 ерекше қажеттіліктері мүгедектер бар. Олардың 25-і өздігінен тұрып, жүре алмайтын, көзі көрмейтін жандар. Осы саланың бас маманы Ботакөз Еслямқызының айтуынша ондай мүгедектерді арнайы адамдар барып, көмек көрсетеді. Ұйымдастырушылар балғындардың ата-аналарын да бірге шақырып, шағын мерекелік кеште оларға да қуанышты сәттер сыйлады.

Мүмкіндігі шектеулі балғындардың ортақ бас қосқан аудандық мәдениет Үйіне арнайы аниматорлар келіп балғындармен қызықты ойындар ойнап, күлдіріп көңілдерін көтерді, бір сәтке болса да ерекше сезім сыйлады. Мерекелік іс-шараға қатынасқан аудан әкімінің орынбасары Г.Батенова арнайы шақырылған ата-аналар мен мүмкіндігі шектеулі балғындар алдында сөз сөйлеп, мерекелік құттықтауын жеткізді. Аудандық мәдениет бөлімі «Радуга» жеке кәсіпкерлігімен бірлесіп ойын-сауық бағдарламасын ұйымдастырғаны үшін ата-аналар мен балғын бөбектердің күтушілері алғыстарын айтты. Мерекелік бағдарлама балалардың жүздерінде қуаныш ұялатып, ерекше белсенділік танытқан балаларға тәтті сыйлықтар үлестірілді. Мұндай кездесулердің мағынасы мен мазмұны ерекше. Өйткені балалардың өмір сүруге деген құштарлығы өте зор. Сондықтан өзі секілді балалар бар екенін, олардың да өмір сүруге, оқуға деген құштарлығының қандай екенін көргені дұрыс. Ауданда бұрыннан келе жатқан осындай игі дәстүр алдағы уақытта да жалғасатын болады.

Жиналған ата-аналардың арасынан Р.Рамазанова мен Д. Усенова: Ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз, Алла разы болсын. Осындай баласы бар ата-аналарға Алла сабыр берсін. Ал, балаларымызға Алла шипасын беріп, жазылып кетуіне ниет қыламыз, дейді. Газет тілшілерінің де айтырғаны жаралы жас балғындар аман болсын, дерттерінің емі табылып өмірге деген құлшыныстары азаймасын, алдағы ғұмырларында ата-аналарымен қатар, қоғам белсенділері де олардан жүрек жылуын аямайды деп сенеміз.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тұяынша таңы

МҮГЕДЕК БАЛАНЫҢ МОНОЛОГЫ

Дияра Аскербай, ақын.

О тағдырым қатал едің сен неткен,
Жарым-жаным, мүгедекпін мен еткен.
Мойымаймын мен мүгедек болсамда,
Тілдесемін ойнап күліп көппенен.
Сыртым бүтін, ішім түтін алайда,
Мықты адамдар бірақ оған қарайма.
Алла маған сан сынақтар берсе де,
Жеңіп шығам барлығында қалайда.
Мағынасыз өтуде әр мұнар күн.
Жай-күйімді дәл өзімді ұғар кім?
Жүре алмай зор илеген кезімді,
Дұшпанға да тілемейтін шығармын.
Қамқоршымың, жан анашым, жалғызым.
Тілеуімді тілер жылап әр түні.
Аяғыма тік тұратын болсам мен
Сөз беремін- ұмытасың барлығын.
Осыларды күліп еске аларсың,
Өтінемін шыдай тұршы, анашым!
Отандан соң аяғыма тік тұрсам,
Бұл қайғынды бақытыңа баларсың.

Барлығында тек ішімде сақтаушы ем,
Жан сырымды ақ қағазға ақтардым.
Ота егер сәтті өтсе, анашым,
Үмітің мен ақ сүтіңді ақтармын.
Демеушіміз Жаратушы Алла деп,
Мен де төзем, сен де шыда соңғы рет.
Аяғыма тұрамына сенемін,
Көп күттірмей таң атса енді болды тек.
Ес білгелі үзілместен күдерім
Нық тұруды армандадым үнемі.
Алла жазса алық емес ол күнде,
Таңды күтші асықпай жүрегім.

19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ!



1995 жылғы 19 қазанда Төтенше жағдайлар қызметі құрылған болатын. Ол Қазақстан Республикасы Президентінің №2541 Өкімімен «19-қазан – Құтқарушылар күні» деп ресми түрде жарияланды. Содан бері жыл сайын бұл күн құтқарушылардың кәсіби мереке күні ретінде аталып өтуде.

Өткен уақыт аралығында елімізде мемлекетіміздің аумағындағы, сондай-ақ одан шеткері жатқан жерлердегі төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою бойынша тапсырмаларды жоғары деңгейде шешуге қабілетті, жедел әрекет ететін қуатты және шұғыл жүйесі қалыптасты.

Құтқарушылар мамандығы өте қиын және қауіпті. Сонымен қатар құтқарушылар ерекше адамдар, себебі күнделікті дабыл бойынша отпен күресіп, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алып және оларды жою жолдарын атқарады. Бұл күресте құтқарушы жұмысының қауіптігі сонша, әрбір басқан қадамы соңғы болуы мүмкін. Олар үшін құтқару, сақтау, көмектесу, қорғау – ең алғашқы міндеттері болып табылады.

Бүгінде Қазақстан ТЖМ қызметкерінің беделі жоғары екеніне дау жоқ. Осы жұмыстың нәтижесі – мыңдаған құтқарылған өмірлер.

Құтқарушыларға физикалық жағынан мықты әрі кәсіби маман болу жеткіліксіз. Өйткені, олардың тынымсыз қызметінде апат, зілзала, өрттен бөлек түрлі жағдайларда зардап шеккендерге психологиялық көмек көрсетуге де тұра келеді. Ауа-райының қай кезі болса да төтеншеліктер тілсіз жаудың алдын-алуға дайын тұрады. Сала мамандары уақыт пен санаспай 24 сағат жұмыс істейді. Төтенше жағдайлар қызметінің мамандары біреудің өмірі мен мүлкін сақтау үшін өз басын қауіпке тігеді. Жыл сайын төтенше жағдайда қалған мыңдаған адам құтқарушылардың ерлігінің арқасында аман қалады. Кез-келген жағдайда, кез-келген уақытта ержүрек жігіттер өз өмірлерін қатерге тігіп, көмекке келеді. Сын сағатта адамды судан да, өрттен де құтқарады.

-Бастапқы кезеңде қорқыныш болған. Қорқыныш қазір де бар, бірақ ол белгісіздік алдындағы сезім. Мысалы өрт болған жерге кетіп бара жатқанда алдында не күтіп тұрғанын білмейсің. Ал былайша ештеңеден қорықпаймын. Апат орын алған жерге келгенде бойыңды, ойыңды жинақтап алып, іске қалай кірісіп кеткеніңді білмей қаласың. Барлығы аяқталған соң деміңді алып, сондай бір айрықша сезімге бөленесің. Өрт өзге үйлерге шарпыған жоқ, адам өмірін әкеткен жоқ, жарылыс болған жоқ. Демек біз төтенше жағдайдың алдын алдық деген сөз,- дейді жауынгерлер.

- Төтенше жағдай кезінде тек адамды құтқару туралы ғана ойлайсың.

Әрине, әр шақыртуды қауіпті деуге болады. Өртті сөндірген кезде жоғары температура, жарылыс, құлау қаупі болады. Яғни, біз өртті сөндіруге барғанда, бұл бөлмеде не бар екенін білмейміз. Көбінесе газ баллоны болуы мүмкін, тағы да басқа жарылғыш заттар болады. Бірақ біз бәрібір жұмысты жалғастыра береміз. Немесе биіктен құлау ықтималдығы жоғары болады. Қиындыққа қарамастан, зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету біздің басты міндетіміз. Біздің басты міндетіміз адам өмірін сақтау және құтқару. Бізде өз ісін жетік білетін, нағыз кәсіби құтқарушы, өрт сөндірушілер жұмыс істейді. Жалпы 50-ден аса жауынгер бармыз. Кез-келген жауынгер күрделі, қауіпті жағдайларда жан-жақты көмек көрсете алады, дәрігерлік алғашқы көмекті де көрсетіп, ажал аузынан алып қалған

сәттер өте көп болды,- дейді Тайынша аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы азаматтық қорғаныс подполковнигі Руслан Айтбайұлы Абдикаримов.

— Әсіресе, қыс айының боранды күндерінде күніне үш-төрт рет шығатын кезіміз болады. Тіпті ақпан айында автотрассада кезекшілікте тұрдық. Алғашқы көмек көрсетіп, халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Биылғы қаңтар айы тыныш өтті деуге болады. Ал, ақпанда үйлердің шатыры жанған жағдайлар болды. Енді ондай оқиғалар біз үшін қалыпты жағдай, құтқарушылардың әрқайсысы талай адамға көмектесіп, қанша жанның өмірін аман алып қалды. Олар тіпті кез-келген мерекелерді де жұмыста өткізеді, себебі кез-келген сәтте адам өмірін құтқару қажеттілігі туындауы мүмкін. Күнделікті азды-көпті ерліктер жасаса да, олар еңбегін ерлік деп санамаймыз. Бұл біздің азаматтық борышымыз, кәсіби міндетіміз,- дейді бүгінгі негізгі кейіпкеріміз Р.А.Абдикаримов. Ол азаматтық қорғау органдарында 25 жыл қызмет етіп келеді. Сауатты, өз ісінің маманы, тәжірибелі басшы өз жұмысын абыроймен атқарады, қиындықтардан қорықпайды, алға қойылған тапсырмаларды тез шеше біледі, жеке құрамды басқарып, қиын сәтте жылдам шешім қабылдайтын ерекше жан.

Өмірінің белгілі бір кезеңінде мамандық таңдауда ең алдымен тәуекел мен қауіпке жақын қызметті, қоғамға қызмет етуді, адамдарға көмек көрсетуді мақсат етті, армандады. Оның еңбек жолы адам өмірін құтқару, өрттер мен төтенше жағдайларға толы. Бүгінгі біздің кейіпкеріміздің түсінігінше «құтқарушы» мамандығын таңдаған адам тек өмірін тәуекелге қоя алатын адам емес, сондай-ақ ол адамдарды жақсы түсінуі және өзге жанның басына ауыр жағдай түскен кезде жанынан табылып, жұбата да білетін жан болуы міндетті. Кез келген жағдайда адамдарды қауіптен құтқара алатын, кез келген қиын жағдайда адам



өмірін сақтап қала алатын адам болуы керек. Құтқару, қорғау, қол ұшын созу сияқты қызмет түрі мен мейірімділік, таза ниет, жауапкершілік, біреудің қайғысына немқұрайлы қарамау сияқты адами қасиеттер бала кезден тәрбиелеп берілген ерекше жан. Негізі Тапшыл ауылының тумасы, жасынан әскери қызметті ұнатады, содан осы мамандықты қалап оқуға түседі. Оқудан кейін бірнеше жұмыс орындарында алғашқы еңбек тәжірибесінен өтіп, 2016 жылдан бастап аудан орталығында еңбек атқаруда. 2022 жылдың маусым айынан бастап осы мекеменің бастығы. Бүгінгі таңда басқарып келе жатқан Тайынша аудандық төтенше жағдай бөлімінің міндеттері аз емес.

Жалпы тұрғын үй секторындағы өрттің алдын алу,



түрлі нысандардың өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін тексеру. Жыл сайын тексеру, рейд, халықпен алдын алу, әңгімелер мен кездесулер жүргізу, кез-келген іс-шараның алдын ала жоспарын құру. Бізге берген сұхбатында: «Біздің жұмысымыз төтенше жағдайды болдырмау, ескерту, нұсқаулық беру, адамдарға ақпарат жеткізу. Көктемгі су тасқыны кезеңінің, жазда өрт қауіпсіздігі және қыста жылыту кезеңінің алдын алу жұмыстарының өз ерекшеліктері бар. Қазіргі кезде ауылдарда өрт бекеттерін құру жұмыстарын жүргізіп, халықты өрттен қоғау жедел жәрдем жұмыстарына ерекше көңіл бөлуге тырысамыз», - дейді.

Тайынша аудандық Төтенше жағдай қызметінің құтқарушылары қиындығына қарамастан, өз жұмыстарын жауапкершілікпен және адал атқарып келеді. Осы еңбек саласында еңбек еткен уақытында түрлі сипаттағы төтенше жағдайлар орын алды. Су тасқынынан тұрғындарды құтқару керек болды, түрлі өрттерді сөндіріп, түтіндеген ғимараттардан адамдарды, оттан балаларды шығарды. Қандай жағдай болмасын, бірінші кезекте адам өмірі тұрды.. Құтқарушыларың барлық әрекеттері осыған бағытталу керек,- деген қағиданы жауынгерлер мықты ұстанады.

Жалпы осы салада 54 адам. Әрбір елді-мекенде бір офицерден келеді. Тайыншада – Е.Уразалин, Чкаловта Қ.А.Еслямбеков, Келлеровқада А.Ахметбеков. Жалпы өз ата-анасынан отбасында 3 ұл бала. Үйдің үлкені болғаннан болса керек, үнемі бауырларына қарасып, ағалық жанашырлық көрсетіп жүреді. Енді өзі - отбасында ардақты әке, аяулы отағасы. Бүгінгі таңда балаларының аяулы анасы Нұрғұл екеуі 3 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеуде.

Бүгінгі күні азаматтарды табиғи құбылыстар мен техногендік сипаттағы апаттардан қорғау, зілзалалардың қауіп-қатерін азайту мәселесі мемлекеттің басты назарында. Құтқарушы мамандығының ең басты міндеті – адам өмірін құтқару, бұл жоғары және жауапты миссия. Апат айтып келмейтіні рас. Тосыннан болған апат кезінде азаматтарға бірінші болып көмекке келетін төтенше жағдай қызметінің құтқарушылары. Бұл іс кез келгеннің қолынан келе бермеуі мүмкін. Қиын да күрделі қызметтеріңізге табыс, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға құт-береке, амандық тілеймін! Ұжым басшысы Сізді, ұжымдағы барша батыр да батыл азаматтарды және зейнет жасындағы Еңбек ардагерлерін кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

Суретте: азаматтық қорғаныс майоры А.В. Лазоренко және азаматтық қорғаныс лейтенанты А.С. Завальнюк.



9 ҚАЗАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ПОШТА КҮНІ



Еліміздегі бірден – бір жетекші байланыс торабы болып табылатын «Қазпошта»АҚ халыққа ерекше қызмет көрсетеді. Бүгінгі таңда Тайынша Пошта байланыс торабы аудан бойынша- 18 пошта бөлімшелерінде 117 қызметкер халыққа міндетті пошта қызметін көрсетеді. Қыстың суық, боранды күндері мен жазғы жауын-шашында да пошта қызметкерлері жұмысын тоқтатқан емес. Бұл жұмыс орнында басшылықта - Исса Гериханович Боков(жоғарыда суретте). Пошта қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында ол – Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының «Еңбек озаты»медалімен марапатталды. Ал, үйді-үйге жүріп, халықтың алғысына бөленген хат-хабар тарататын пошташы қызметкерлердің қатарында 1981 жылдан Терещенко Галина Викторовна бар. Тайынша жұртшылығына танымал пошташы 40 жылға жақын осы салада еңбек атқарып келеді. Ол өз жұмысына тиянақты пошта қызметкері, ал отбасында аяулы ана, немерелерінің ақылшы әжесі –Г.В. Терещенко 4 баланың анасы. Келер жылы мерейлі 60 жасқа толады.. Ал,қызы Юлия Сергеевна 2019 жылдан ана жолын қуып, пошта қызметкері. Отбасында Лера атты қызы өсіп келеді. Қаладағы №2 мектепте 2-сыныпта оқиды. Жалпы пошта саласының қызметкерлері және зейнет жасындағы Ардагерлер, сонымен қатар,біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз, кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Сіздер, жақсы хабарлардың жаршысысыздар!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы




«Номиналдық құны 20 000 теңгелік банкнотты айналымға шығару туралы»



2022 жылғы 1 қазанда Қазақстан Ұлттық Банкі номиналдық құны 20 000 теңгелік банкнотты айналымға шығарды.

Банкнот айналымдағы ақша белгілерімен бірыңғай стильде жасалған. Мысалы, бет жағында көбіне тігінен орындалған бейнелер, сырт жағында көлденең орындалған бейнелер орналасқан. Дизайны номиналдың голографиялық бейнесі тігінен орналасқан металсыздандырылған жолақты қолдана отырып жасалған.

Банкноттың 25 қорғаныш элементі бар, мөлшері 155x79 мм және сұр түске басымдық берілген.



Бет жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері, «Қазақ Елі» монументі, «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасы, «Басқұр» қазақ ұлттық ою-өрнегінің фрагменті және Тәуелсіздік жылдарын білдіретін «30» саны бейнеленген.

Банкноттың екінші бетінде Астананың және Ақорда резиденциясының панорамалық көрінісін көруге болады.

Номиналы 20 000 теңгелік жаңа дизайндағы банкнот өз құнына сай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдауға, сондай-ақ елдегі банктерде банктік шоттарға есепке алуға және аударуға, ұсақтауға, айырбастауға жатады.

Жаңа купюра «Қазақ Елі» сериясымен ұсынылған қазіргі таңда айналымда бар 500, 1 000, 2 000, 5 000 және 10 000 теңгелік номиналдағы банкноттардың қатарын толықтырды.

«ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» ЖОБАСЫ



«Дипломмен ауылға» жобасының негізгі мақсаты денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дипломды мамандарды, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген ауылдық округтердің мемлекеттік қызметшілерін әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну арқылы ынталандыру және бекіту болып табылады. Әлеуметтік қолдау шаралары 100 АЕК-ке тең көтерме жәрдемақы төлеу және 1500 АЕК-тен аспайтын тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит сомасынан жылдық 0,01% сыйақы мөлшерлемесімен 15 жыл мерзімге бюджеттік кредит беру түрінде ұсынылады. ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР:

1. Қағидаларға сәйкес әлеуметтік қолдау шаралары бұрын берілген кредиттер бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі жоқ мамандарға (осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды қарау сәтінде), сондай-ақ соңғы 2 (екі) жыл ішінде 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен артық мерзімі өтпеген кезде ұсынылады. (Ереженің 18-тармағы). Бұл норма не үшін қажет екенін түсіндіріңіз?

Бұл норма тұрғын үйі жоқ мамандарды әлеуметтік қолдау шараларымен неғұрлым тиімді қамту, сондай-ақ бұрын берілген кредиттер бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі жоқ мамандарға қаржылық жүктемені алып тастау үшін, сондай-ақ соңғы 2 жылда мерзімі өткен 90 күнтізбелік күннен астам мерзім болмаған кезде енгізілді. Басқа несиелердің болуы мамандардың төлем қабілеттілігіне әсер етеді.

2. Маман туыстарынан үй сатып алу үшін бюджеттік несиені пайдалана ала ма? Жоқ, мүмкін емес. Бұл мәселені жергілікті атқарушы органдар бірнеше рет көтерді. Біз жақын туыстарынан (жұбайынан (зайыбынан), атасынан (әжесінен), ата-анасынан (оның ішінде асырап алушыларынан), балаларынан (оның ішінде асырап алушыларынан), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілерінен) тұрғын үй сатып алуға, сондай-ақ азамат тұрақты тұратын тұрғын үй-жай сатып алуға тыйым салу жөніндегі норманы енгіздік. Бұл норма тұрғын үйі жоқ мамандарды әлеуметтік қолдау шараларымен неғұрлым тиімді қамтуға ықпал ететін болады.

3. Көтерме жәрдемақы мен бюджеттік несиені төлеуге жас кедергісі бар ма, яғни әлеуметтік қолдау шаралары қай жасқа дейін төленеді?

Қағидаларға сәйкес алушы әлеуметтік қолдау шараларын алған кезде ауылдық жерде кемінде үш жыл жұмыс істеуге міндеттеме алады.

Сонымен қатар, ережелерде жас шектеулері белгіленбеген. Алайда әкімдіктер еңбек сіңірген демалысқа шыққанға дейін үш жыл бұрын маманның шекті жұмыс мерзімі бойынша келісім міндеттемелерін орындау мерзімдерін ескереді, сондай-ақ бюджеттік кредит бойынша мерзімдер (15 жылға дейін) ескеріледі.

4. Неліктен «Дипломмен ауылға» жобасы шағын қалаларға (Тайынша қаласы) таралмайды?

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» ҚР салалық Заңы (18-баптың 8-тармағы) жұмыс істеу және тұру үшін тек ауылдық елді мекендерге келген әлеуметтік сала және агроөнеркәсіптік кешен мамандарын қолдауға бағытталған.

Сондай-ақ, қалаларға келетін мамандар үшін жоба шеңберінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мамандардың ауылдық жерлерден кетуіне және кадр тапшылығының одан әрі артуына әкелуі мүмкін екенін ескеру қажет.

5. Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлер әлеуметтік қолдау шараларын ала ала ма?

2020 жылғы 30 қыркүйекте «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы қабылданды.

Көрсетілген қағидаларға сәйкес 2020 жылғы 17 қазаннан кейін (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң) жұмысқа орналастырылған ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерінің әлеуметтік қолдау шараларын алуға құқығы бар.

6. Жеке ұйымдардың (мысалы, ЖШС, ШҚ, ЖК және т. б.) қызметкерлеріне көтерме жәрдемақы және бюджеттік кредит түрінде шаралар көрсетілуі мүмкін бе?

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну Қағидаларында (ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығы) маман жұмыс істеуі керек ұйымның меншік нысаны реттелмеген.

Осыған байланысты, жеке ұйымдарда жұмыс істейтін мамандар әлеуметтік қолдау шараларын алуға өтініш беруге құқылы.

Ақпарат алу үшін «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ Центральный бұрылысы 2 мекенжайы бойынша немесе 8(71536)21643 телефоны бойынша хабарласыңыз.

Б.А. СӘРСЕМБАЕВ,
Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы.

КІТАПХАНАШЫ - МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚТЫҢ БІРІ



Кітапханашылар өміріне көз жүгіртсек: жалпы кітапханашы мамандығын кітапты жанындай сүйетін, көркем әдебиеттерді қызыға да тамсана оқитын, сол мамандықты жан-тәнімен қалап, шынайы сүйіспеншілігі бар адамдар ғана таңдайды.

- Жыл сайын «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» республикалық бюджеттік бағдарламасы аясында жарық көрген кітаптармен қорымыз толығады. Орталығымызда Wifi желісі бар. Оқырмандарымыздың көбі - зейнет жасындағы адамдар. Оқушылар үшін барлық жағдай жасалған. Оларға арналған ойын, шахмат алаңы бар. Қосымша Вай-фай желісі бар. Облыс көлеміндегі білікті мамандар да ауылдық жерлердегі кітапханашылардың кәсіби біліктілігін шыңдауға көмектесіп, тәжірибе алмасады.

Қай кезде де кітап адамзаттың жан азығы, рухани байлығы болған. Кітапты оқу арқылы ғана біз болашақты болжап, келешегімізге кемел жол сала аламыз. Осы қағидаларға сүйене отырып, кітапханада кітап оқуға оқырман тәрбиелеудің жаңа әдістемелік бағыттары құрылады. Кітаптың орны бөлек, кітаппен достасу – рухани жетілуге ғана емес, тән саулығына да аса пайдалы. Кітап - шамнан шырақ жағып, кемелденуге бастайтын бірден-бір құрал. Ғылым дамуда, бірақ біле білген адамға мұның бірі де кітаппен айырбас жасай алмайтыны анық. Әрдайым жастар кітап әлемінде қалыптасуы керек, кітап – жан азығы деп бекер айтылмаса керек...

2 қазан күні Тайынша аудандық кітапханасында «Кітапхана шығармашылық және әлеуметтік белсенділікті дамыту ортасы» тақырыбында кітапхана қызметкерлеріне арналған семинар өтті.

Семинарға Тайынша ауданы әкімінің орынбасары Г.Бәтенова мен Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Г.Сағандықова қатысты. Қазақстан Республикасы күнін мерекелеу қарсаңында Тайынша орталық кітапхана жүйесінің директоры Л.Кириюшинаға, аудандық кітапхананың қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Б.Өтелбаеваға, Тайынша аудандық кітапханасының библиографы С.Байқадамоваға, Аққұдық ауылдық кітапханасының кітапханашысы У.Сәтпаеваға және Краснокамен ауылдық кітапханасының кітапханашысы Л.Грысюк «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» естелік белгісі табыс етілді. Сонымен бірге, аудан кітапханашыларының қызметкерлері мен бір топ ауылдық клуб мамандары алғыс хаттармен марапатталды.

Өз кезегінде Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы К.С. Жұмбабаева, Тайынша ОКЖ бас бухгалтері Л. Н. Васковская мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің қазақстандық салалық кәсіптік одағының Құрмет грамотасымен марапатталды. Құттықтаймыз!



БІЛІКТІ БАСШЫ - МЕКТЕП МЕРЕЙІ



Білімді оқушылар мен білікті ұстаздардың ортақ үйі, ол әрине - мектеп. Осынау бір үлкен ұжымның басын біріктіріп, өз жұмысын жоғары деңгейде атқарып отырған директорлардың бірі «№1 Чкалов орта мектебі» КММ директоры Галицкий Борис Вечеславович. Ол жұмыста іскерлік пен жауапкершілік көрсете білген тәжірибелі ұстаз, мықты басшы. Борис Вечеславович мектепті басқарған уақыттан бастап басқарушылық қызметте шеберлік таныта білді, соның нәтижесінде бүгінгі ұстаздар ұжымы ауызбіршілікте, татулықта бір шаңырақ астында еңбек етіп келеді. 20 жылдан астам тарихы бар қара шаңырақтың бүгінгі таңда жеткен жетістігі де аз емес. Оның барлығы да ұстаздардың біліктілігі мен оқушылардың білімділігіне тікелей байланысты. Нақтырақ айтсақ, үлкен ұжымның алдына мақсат қойып, оны жоспарлы түрде іске асырып отыратын директордың да қосар сүбелі үлесі мол. Яғни, мектеп ісінің алға басуы, ең алдымен басшыға байланысты. Білім ордасына рухани демеу беріп, бағыт сілтеп, өз ғұмырын бала тәрбиесіне арнап келе жатқан аталмыш мектептің директоры Борис Вечеславович туралы аса ризашылықпен айтуға болады.

Міне, осындай ұжымды айрандай ұйытып, ынтымақтыққа бастай білген білікті директор алдымен мектептегі кадр мәселесінің тұрақталуына, педагогтардың қазіргі жаңа талапқа сай потенциалының көтерілуіне жағдай жасап келеді.

Ұстаздардың ұстазы болып отырған Борис Вечеславович педагогикалық ұжымды үнемі жаңашылдықпен жұмыс істеуге шақырады. Шәкірттердің білімге деген ынтасын арттыру мақсатында биік талап деңгейінен көрінуде талай игі істердің ұйтқысы болуда.

Өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен үлкен ұжымды басқарып отырған іскер басшы, директорлық қызметті абыройлы атқарып, түрлі марапаттаулардың иесі атанды: Борис Вечеславович өзінің біліктілігімен облыстық және аудандық білім беру мекемелеріндегі әріптестері арасында зор беделге ие. Осы ретте, білім саласын жаңғырту жөніндегі ұсыныстарын білдіріп, мұғалімдермен өз тәжірибесін бөлісіп отырады. Елбасының сарабал саясатын іске асырып, әр Жолдаудағы білімге қатысты мақсат-міндеттерді іске асыруда еш аянып қалған емес. Борис Вечеславович қашан да өзінің елгезек, ақкөңіл, ашық-жарқын мінезімен, адами болмысымен, өзін де, өзгені де сыйлата білетін қарапайым қалпымен көпке үлгі болуда. «Білікті басшы – мектеп мерейі» деген осы болар! Қазанның 8 жұлдызы білікті басшы 60 жасқа толды. Туған күніңіз құтты болсын! Еңбегіңізге шығармашылық табыс тілейміз!

«№1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің ұстаздар ұжымы.

АНТИКОР ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ ПЕТРОПАВЛДА КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары Дмитрий Малахов келді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасымен қамтылған халық үшін аса маңызды проблемаларды жою бойынша облыстық Департаментпен өзара іс-қимыл жасау кезінде жергілікті атқарушы органдардың жұмысының қорытындылары назар аударуды талап ететін бірінші мәселе ретінде қаралды.

Өңір үшін жемқорлығы басым 3 сала анықталды: жолдар мен инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, экономика және қаржы.

Дмитрий Малахов Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тек қылмыстық істерді қозғау мақсатын көздемейтінін, ең бастысы – азаматтар үшін бюджет есебінен салынып жатқан объектілерді сапалы тұрғызу және белгіленген мерзімде тапсыру екенін атап өтті.

Бұл тәсіл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды әлсіретпейді, керісінше, алдын-ала жұмыс жасай отырып, тиімдірек әрекет етуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомство Төрағасының бірінші орынбасарының іссапары Солтүстік Қазақстан университетінде «Саналы ұрпақ» студенттік клубтарының белсенділерімен кездесумен жалғасты. Дмитрий Малахов жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы ынта-жігері мен берік пікірін оң бағалады. Бизнес-қоғамдастықпен және қоғамдық кеңес мүшелерімен диалог алаңында Дмитрий Малахов Сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды бастамалармен бөлісті және кәсіпкерлердің мәселелерін тыңдады.

Табиғи монополиялар субъектілерінің халықтан энергия шығыны үшін заңсыз ақы алуы туралы өзекті мәселе көтерілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Евгений Кинцель қатысушыларға Агенттіктің облыстық Департаментімен бірлескен жұмыстың арқасында мәселенің оң шешілгені туралы түсіндірді. Қазіргі уақытта сот бұл бұзушылықты жойды.

Автожолдарды жөндеу үшін битум көлемінің жетіспеушілігі, «РОП Операторы» ЖШС жеңілдік сертификаттарын пайдалану мүмкін еместігі, кәсіпкерлік қызметтің әртүрлі түрлері үшін коммуналдық қызметтерге тарифтерді бөлу бойынша ұсыныстар және бизнестің басқа да бірқатар мәселелерін орталық деңгейде шешу жөнінде сөз берілді.

Кездесулер арасында Дмитрий Малахов инженерлік желілерді жүргізбей аяқталған үш көппәтерлі үйдің құрылыс алаңына барды. Мұндай объектілерді пайдалануға беру мерзімін ұлғайтудың негізгі проблемасы үйлер мен олардың желілерінің құрылысын бөлек қаржыландыру болып табылады. Кездесу қорытындысы бойынша болашақта мұндай тәжірибені алып тастау тапсырылды, себебі осыған байланысты азаматтарды өз пәтерлеріне орналастыру мерзімі ұлғаяуда. Мердігер компанияның өкілі талқылау барысында бір ай ішінде пәтерлерді инженерлік желілермен қамтамасыз ететініне сендірді.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің баспасөз қызметі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тайынша агробизнес колледжі» КММ – не мына мамандықтар бойынша мамандар қажет.

1. Ауыл шаруашылығы инженері-білімі: жоғары, төлемі жоғары.
2. «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» - білімі: жоғары немесе орта арнаулы - 2 адам мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері.
3. Жылу жүйесінде тәжірибесі бар от жағушылар қажет.

Хабарласу тел. 23097.

«ҚАЗАҚТАР - ӘДЕТ-ҒҰРЫП, САЛТ-САНА, ТІЛ ЖАҒЫНАН БІРТҰТАС ҰЛТ» В.В. РАДЛОВ.

• Рухани жаңғыру

Қазақтың салт-дәстүрі тұтас ғылым десек те болады. Қай халықты алсақ та, өзіне тән тұрмыс тіршілігі, күн көрісі, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері бар. Салт-дәстүр халықпен бірге жасасып, тарихында өшпес із қалдырады. Бірақ ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлеріміз де жетерлік. Қазақта атадан балаға мирас болып келе жатқан салт-дәстүрлер баршылық. Бірақ жылдар өте ұмытыла бастаған ұлттық құндылықтарымызда бар. Салт пен дәстүрдің көбі торқалы тойда, топырақты өлімде атқарылады. Мысалы, құда түсу, келін алу, қыз ұзату, бала сүндеттеу, көшіп - қону, жұрт жаңалау, жолушы жүру, барыс - келіс жасау, өлім - жітім ұзату, қайтқан адамның жетісін, қырқын, жылдық асын беру кездерінде, әр қайсысына тән мазмұны болады. Соған сай өткізілетін дәстүр мен салт, ырым мен тыйымдары бар. Оны үлкендер болмаса, жастар жан - жақты біле бермейді деп ойлаймын. Дәстүрдің мағынасы өте кең. Ол тек ата - баба мұрасы болып қана қалмай, әлеуметтік ұлттық сыйпаттарды да, оның ішінде әдіс-тәсілдерін де өз мазмұнына қамтиды. Дәстүр - қоғамның барлық салаларынан көрініс табады. Анықырақ айтсақ, ол діндегі, тілдегі, ғылымдағы, өнердегі, әдебиеттегі, философиядағы, психологиядағы, тарихтағы басқа да салалардағы алар орны ерекше. Біз бұл жерде тек қана қазақ халқы арасында атқарылып келе жатқан дәстүр туралы айтамыз. Мысал ретінде баланың тұсауын кесу, кіндік шеше, құда түсу, қыз ұзату, табалдырық аттау, құда күту. Айта берсек, біздің қазақ халқының дәстүрлері жетерлік. Дәстүрдің ерекшелігі мен мазмұны кең. Төменде ұмыт болған кейбір салт-дәстүрлерге мысал келтіре кетуді жөн көріп отырмыз.

БОСАҒА МАЙЛАУ

Біздің салтымызда көнерген дәстүрлер бар. Отау тігін, шаңырақ көтерген екі жасқа жасалар жөн-жоралғы да айтылар тілек те мол. Осындай салттың бірі - босаға майлау. Бұл дәстүрді көреген әжелер мен ақ жаулықты аналар жасайды. Екі жастың үйіне шашуын шашып, ақ ниетін білдіріп келеді. Үлкендер «Жас отаудың босағасы майлы болсын, қазаны оттан кетпесін, еліне қалаулы болсын» деп тілек айтқан. Мұндағы тілек келіннің қазаны оттан түспесін, елге майдай жұғымды, көп түсетін үй болсын деген ырыммен жасалады. Жас келін бір үйдің ұрпағын көбейтуші жан. Яғни, сол үйге бақ-береке қонсын, майдай жұғымды болсын деген ниетпен барады. Босағасын майлаған адамға шаңырақ иелері кәде береді.

ҚАЛАУ АЙТУ

Тағы бірі «қалау айту», біреудің жақсы малына немесе мүлкіне көзі түскен адам сол үйдің иесіне немесе әйеліне, баласына бір бағалы тарту әкеліп, сол үйдегі өзі ұнатқан

дүниені көрсетіп, «менің қалауым осы» деп сұрайды. Әсілінде текті қазақ қонақтың қалауын қайтармайтын болған.

ӘМЕҢГЕРЛІК

Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді деген қағиданы ұстанған ата-бабаларымыздың әмеңгерлік деген салты бар. Бұл үрдісті бүгінде ел ішінде сирек ұстанады. Бақылық болған жандардың жылын беріп болған соң, жесір қалған әйелді қайын ағасына немесе қайын інісіне қосады. Мұның астарында немерелеріміз ешкімге жалтақтамай, өз туысының бауырында өссін, өзге біреу өгейлік көрсетпесін деген қағида жатыр. Әмеңгерлік мәселесін ру ақсақалдары кеңесіп, ағайын арасында талқыға салады. Сүйіп қосылған жарының ыстық сезімін өзгемен бөліскісі келмесе де, үлкендердің сөзін жерге тастап, ата салтын аттауға болмайды. Бұл келіннің ақылдылығын көрсетеді.

ЕРУЛІК

Ерулік – жаңадан көшіп келген адамдарға көршілерге арналған қонақ асы. Ерулік жаңа көршілерді жақындастыруды көздейді. Жылқы еті, қазы-қарта, жал-жая мүшелері немесе қой еті сойылып дастархан жайылады.

АУНАТУ

Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, қонып кеткен адамдардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері қонсын» деп балаларын аунатып алатын болған. Елге, ағайынға сыйлы азамат кіндік қаны тамған туған жеріне келгенінде халық, туған-туыстары, дос жарандары оны сол жердің топырағына аунатып алған. Шыңғыс Айтматов үйіне Мұхатр Әуезов келгенінде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып алған көрінеді. Сан қилы өмір үдерісінің желкенінен шықпай бізге жеткен, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан салт-сана, әдет-ғұрыптарымыздың көбісі бүгінгі таңда ұмыт болып, тіпті кейбіреуі жоғалуға да айналды. Ұлт мұрасына, ұлт мәдениетіне даңғыл жол ашылып, жаңа мәдениет құрудың ұлы жорығы ел болып, шеру тартып отырған тұста ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыпты жинау, зерттеу, саралау кәдеге жарату әрбір есті адамзаттың борышы саналады. Халқымыздың өткені мен бүгініне ой көзімен қарасақ, салт-дәстүрдің кейбірі бүгінгі мына дәуірде арамьздан ізі кете бастағандығы шындық деп айтуға да болады.

А.Т. ҚУАНДЫҚ,

Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Философия және саясаттану факультеті Дінтану
мамандығының студенті 3 курс.

«МЕГА ПЛАНЕТА» - КЕҢ ТАҢДАУ, ЖОҒАРЫ САПА

МЕГА ПЛАНЕТА **КИМ ЖӘНЕ АЯҚ КИМ ОДЕЖДА И ОБУВЬ**

Бастапқы сатылу кезінде **10.000 Т-ДЕН -10%** при покупке от 10.000тг

ТӨСЕК-ОРЫН ЖАБДЫҒЫ ОЙЫНШЫҚТАР
ПОСТЕЛЬНОЕ БЕЛЬЕ ИГРУШКИ

Ресей, Түркия, Еуропа, Алматы, Шығыс Қазақстан, Россия, Турция, Бишкек, Алматы, Узбекистан

Бізде өнімнің кең ассортименті, жоғары сапа және қолжетімді баға! Тайынша қаласындағы танымал киім дүкені өз желісін кеңейтті. «Мега Планета» орталығында киім-кешекпен қатар аяқ киімді талғамыңызға сай сатып алуға болады. Мектеп жасындағы оқушыларға қажетті оқу құралдары мен түрлі киім үлгілері бар. Қысқы аяқ киім де осында бар. Дәл қазіргі суық күз-қыс айларына арналған сырт киім сұраныста. Күрте мен куртка, пальтоны осы дүкеннен таба аласыз. Отбасын толық киіндіруге болады. Ал кішкентайлар үшін ойыншықтың түр-түрі әкелінген. Көздің жауын алады. Тауарлар ассортименті үнемі жаңарады. Айта кетейік, Тайыншадағы «Мега планета» дүкен желісі - ашылған екінші орын. Көпке танымал дүкен желісі алдағы уақытта да сапалы тауар, қолжетімді бағамен сатып алушыларын қуанта бермек. Қош келдіңіздер. Сіздерді асыға күтеміз. Біздің ЖЕҢІЛДІКТЕРІМІЗДІ пайдаланыңыздар!

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 339. Таралымы: 1000.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫҢ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.